

Аудандық мәслихаттың 2008 жылғы 9 маусымдағы "Жекелеген санаттағы мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмек көрсетуді бекіту туралы" N 9-1 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Жәнібек аудандық мәслихатының 2009 жылғы 16 ақпандағы N 14-4 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы әділет басқармасында 2009 жылғы 17 наурызда N 7-6-82 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жәнібек аудандық мәслихатының 2010 жылғы 23 ақпандағы N 22-2 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жәнібек аудандық мәслихатының 2010.02.23 N 22-2 Шешімімен.

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 56 бабына, 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6 бабы, және аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің хатына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. "Жекелеген санаттағы мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмек көрсетуді бекіту туралы" 2008 жылғы 9 маусымдағы N 9-1 Жәнібек аудандық мәслихатының шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде N 7-6-67 тіркелген, аудандық "Шұғыла" газетінде N 30, 2008 жылғы 4 шілдеде жарияланған), шешіміне төмендегі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) кіріспесінде:

"2004 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 53 бабына" деген сөз "2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 56 бабына" деген сөзбен ауыстырылсын.

2) аталған шешімінің 2-қосымшасында:

1 тармағында:

"5" деген сан алынып тасталсын;

мынандай сөйлеммен толықтырылсын:

"2.1. 1 қосымшаның 5 тармағы бойынша әлеуметтік төлем ай сайын бір ай жарымдық есептік көрсеткіш мөлшерінде тағайындалсын".

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК